По своему происхождению декоративно-прикладное искусство – один из самых древних (наряду с архитектурой) видов искусства. Оно зародилось на заре человеческой истории, когда первобытный человек, в процессе борьбы за существование впервые изготавливал необходимые для жизни бытовые предметы, вкладывая в них не только физическую силу, но и духовные, творческие, художественные способности, т. е. начинал «творить по законам красоты». Окончательно этот вид искусства сложился после выделения ремесел в самостоятельную отрасль производства. Народные умельцы до наших дней остались верными хранителями замечательных традиций древнего декоративно-прикладного искусства. Произведения, созданные ими, служат образцом для массовой фабричной продукции этих изделий.

Решая в совокупности, как и архитектура, практические и художественные задачи, декоративно-прикладное искусство одновременно принадлежит к сферам создания и материальных, и духовных ценностей. Произведения декоративно-прикладного искусства неотделимы от материальной культуры современной им эпохи, тесно связаны с отвечающим ей бытовым укладом, с теми или иными его местными этническими и национальными особенностями, социально-групповыми и классовыми различиями. Составляя органическую часть предметной среды, с которой повседневно соприкасается человек, произведения декоративно-прикладного искусства своими эстетическими достоинствами, образным строем, характером постоянно воздействуют на душевное состояние человека, его настроение, являются важным источником эмоций, влияющих на его отношение к окружающему миру /2,78/.

Произведения декоративно-прикладного искусства различаются по типу созданных изделий (мебель, кружево, ювелирные украшения, игрушки и т. д.), по материалу, из которого изделие создано (художественный металл, художественная обработка дерева, художественное стекло, лак, фарфор, бронза, керамика и т. д.), но технике обработки материала (художественная резьба, роспись, чеканка, художественное литье и т.д.). Несмотря на относительность границ, следует различать также декоративную и прикладную разновидности этого искусства. Если предметы прикладного

искусства (мебель, осветительная арматура, утварь, одежда, радиоприемники и т.п.) оказываются художественно выразительными в основном благодаря эстетическому совершенству своей формы (красота силуэта, пропорций, изящество линий, мастерская обработка материала и т. п.), то декоративным произведениям (росписи стен и бытовых предметов, декоративные скульптурные рельефы, мелкие статуэтки, гобелены, вышивки, ковры, резные украшения и т. д.) присущи изобразительные сюжетные композиции или орнаментальные украшения. В ряде случаев, например, в античных вазах или современной фарфоровой посуде декоративные украшения, соответствующие функциональным целям и конструктивным особенностям, сочетаются с эстетической ценностью формы предметов. Как для декоративного, так и для прикладного искусства огромное значение имеет тесная связь с архитектурой, а также с монументальными разновидностями живописи и скульптуры /3,25/.

Идейно-эстетические возможности декоративно-прикладного искусства в сравнении, например, с изобразительным искусством более ограничены. Это объясняется тем, что идеологическая, мировоззренческая стороны в декоративно-прикладном искусстве выражаются со значительно меньшей полнотой, четкостью и непосредственностью, нежели в других видах искусства.

Сила эстетического воздействия произведений декоративно-прикладного искусства обусловлена, прежде всего, повседневностью и разнообразием их применения, а следовательно, и возможностью широкого их восприятия как отдельными людьми, так и целыми коллективами.

Декоративно-прикладное искусство является почвой и основой любой национальной культуры, от него тянутся нити ко всем видам художественной деятельности людей /3,56/.

Декоративно-прикладное искусство - сложное и многогранное явление культуры. Понятие это очень широкое и глубокое. Широкое потому, что охватывает многие виды народного промысла - зодчество, музыку, танцы, фольклор, бытовое искусство. Глубокое потому, что живет вместе с народом, уходя корнями в седую древность и развиваясь в наши дни.

Уже в формах каменных орудий первобытного человека, в простейших геометрических фигурах орнамента на древнейшей керамике проявляются начатки творчества, которое сопровождало жизнь народа на протяжении всей его истории. Шло время, сменялись исторические эпохи и многие поколения людей, но всегда существовала в народе потребность украшать свой быт, делать радостным труд, дополнять свою нелегкую жизнь красотой.

Наиболее искусно украшались вещи не повседневного пользования, а праздничные, предназначенные для определенных, подчас сложных ритуалов и народных обрядов. С давних пор и до наших дней существует народная традиция особым образом отмечать все самые значительные события в жизни. В семье это были рождение, свадьба, похороны; в труде и хозяйстве сев, косьба, жатва – праздники сельскохозяйственного календаря, связанные с выращиванием хлеба, сбором урожая. Они сопровождались обрядами и

большими народными гуляньями, в которых наряду с музыкой, песнями, танцами немалая роль отводилась предметам бытового назначения /1,31/.

Мы почти не знаем имен народных мастеров. Но история не предала забвению анонимных творцов декоративно-прикладного искусства - крестьян, сельских и городских ремесленников, чьим трудом и талантом созданы совершенные произведения. Свое мастерство они передавали от отца к сыну, от деда к внуку, буквально "из рук в руки". Из поколения в поколение отбирались и совершенствовались удачные находки одних, выдумки и новшества других. Время отбрасывало все случайное, несовершенное, шлифуя и сохраняя только ценное и высокохудожественное. Так поиски и достижения отдельных мастеров соединялись в коллективной сокровищнице народного творчества, непрерывно пополняемой многими династиями ремесленников.

Украшая быт, произведения декоративно-прикладного искусства жили и умирали вместе с поколениями людей. В них отражалась эпоха, жизненный уклад, вкусы и идеалы людей определенного времени.

Как правило, народные мастера создавали вещи для себя и ограниченного круга односельчан. Использовали их в крестьянской семье и хозяйстве. Так делали многие предметы деревянной утвари, орудия труда, игрушки, ткани, вышивки.

Мастер вкладывал в изделие всю свою любовь и талант. Произведения декоративно-прикладного искусства порой наивны, но искренни и простодушны. В них выражена мудрая простота взглядов, дум, чувств и чаяний народа.

1. Агапов П., Кадырбаев М. Сокровища древнего Казахстана. - Алма-Ата: Жалын, 1979. - 117 с.

2. Анри де Моран. История декоративно-прикладного искусства от древнейших времён до наших дней. - М.: Искусство, 1982. - 154 с.

3. Эстетика: Словарь / Абрамов А.И. и др.; Под общ. ред. А.А.Белнева, - 93 с.

Түйін

Осы мақалада сәндік - қолданбалы өнер дүниежүзілік мәдениеттің бірегей құбылыс ретінде анықтап қарастырылады.

Summary

In this article decorative – applied skill as the unique phenomenon of the world culture is considered.

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

М.Б. Джабықбаева-

Адам өмірінің рухани саласының бірінде - эстетикалық, тәрбиенің атқаратын қызметі айрықша. Эстетикалық тәрбие тұлғада әсемдік сезімін дамытады. Адам әсемдікті сезінуден, өз өмірін сұлулық заңымен құруға ұмтылады. Эстетикалық тәрбие адамгершілік, ақыл — ой, еңбек пен өнер тығыз байланысты. Табиғатқа, әдебиетке, театрға, музыкаға, поэзияға, көркем сурет және т. б. өнерге деген сүйіспеншілік адамның жан - жақты саналы дамуына әсер етеді. Адамның өмірде тұлға болып қалыптасуында эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Әсемдік рахаты әр адамды жақсылыққа, ұжымшылдыққа, адал еңбекке жетелейді.

«Эстетика» термині гректің «эстезис» - сезімталдық деген сөзінен шыққан. Бұл сөзді алғаш рет неміс өнертану ғалымы Баумгартен ғылыми атау ретінде енгізді. 1750ж. оның «Эстетика» деген еңбегі жарық көрді. Сол кезден бастап эстетика ғылым саласына айналды. Ал эстетика ұғымының өзі ертеректе. туған. Оның бастауы ежелгі заманға кетеді. Өркениет өрісінде адам өзің қоршаған ортада сұлулық іздеп, сезінуге үйренеді. Бұл қабілет эстетикалық сезім деп атауын алды. /1, 103/

Эстетика дегеніміз түпкі тегінде дүние танудың бір түрі. Эстетика - өмірді сезім арқылы танып, білудің негізгі жолы. Бұл сезім оның моралдық және адамгершілік бейнесіне асыл қасиет беріп тұрады. Адамның өмірге эстетикалық көз қарасы оның өмірі мен қызметінің барлық саласынан, әсіресе өнерге көзқарасынан көрінеді. Эстетикалық талғамы биік, сезімтал адам еңбектегі әдемілікті, табиғаттағы сұлулықты, өнердегі әсемдікті танып, оны сүйе, қастерлей білетін болады. Эстетикалық сезім - адам тәрбиесінде, еңбек үстінде тарихи қалыптасып дамыған рухани қымбат қасиеті. Маркс сөзімен айтсақ: «Адам табиғатының тек кең өріс алған объективті байлығының молдығы арқасында ғана адам сезімінің субъективті байлығы пайда болады, қысқасы адамның ләззат алуға бейім кейбір сезімдері жаңа туып, кейбірі одан әрі дамып отырады. Адамның дамуы эстетикалық сезімнің көрінісі өнер саласында қатты байқалады. Демек, жаңа қоғам орнату дәуіріндегі адамның материалдық рухани дамуының биік дәрежесі оның эстетикалық сезімінің де жан - жақты кемелденуін талап етеді. Сондықтан эстетикалық тәрбиенің белсенді рөлі үнемі күшейе беруі қажет / 2, 37/.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты бұл ең алдымен адамдарда өзінің айналасындағы сұлулықты көре, сезіне білу, бағалай білу және қабылдай білу қабілетін арттырып, оқулықтың заңдарына сәйкес өмірді жаңартып, өзгертіп отыруды міндеттейді. Адамды жан - жақты етіп тәрбиелеу мәселесінде тәрбиенің барлық түрлерін қамту қажет, олар саяси - идеялық, еңбек тәрбиесі, адамгершілік эстетикалық және дене тәрбиесі.

Халқымыздың әл - ауқатының өсуіне байланысты мәдениетімізде жоғары деңгейге көтерілді, халқымыз қоғамдық өмірге мемлекет істеріне белсене араласа бастады, рухани өмірдің барына байланысты халықтың эстетикалық қажеттілігі арта бастады.

Адамның жан дүниесі, эстетикалық сезімі, өз қолымен мәдени қорды

жасай отыра, табиғатты өзгерте отыра өзі де өзгереді, өзі де соған орай қалыптаса бастайды, түсінігі өзгереді. Эстетикалық сезім дегеніміз ойлау қабілетімен тікелей байланысты. Адам өзін қоршаған дүниені сезім мен ақылдың тоғысуы арқылы қабылдайды. Сондықтан да адамның сезіміне әсер ететін өнер туындыларын ұсынып отыру керек. Суретшілердің, мүсіншілердің шығармаларын, ол шығармалардың тәрбиелік мәнін көрсету қажет. Сонымен қатар бүгінгі адамдардың эстетикалық талғамының көрінісі болып табылатын сәулет өнері жәйлі де айту керек. Эстетикалық адамгершілік тәрбиенің маңызы күннен - күнге әдебиет пен өнердің өсуімен тығыз байланысты болып жатыр. Эстетика мен адамгершілік тәрбиенің байланысы әсіресе жастарды тәрбиелеуде, оның ішінде студенттерге дүниетанымның дұрыс қалыптасуы және адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруде әдебиет пен өнердің атқаратын ролі өте зор. Әсіресе жоғары оқу орнындағы адамгершілік тәрбие студенттердің білімге деген құштарлығын арттырып, эстетикалық мұраттарының қалыптасуна ықпал етеді.

Біздің қоғамымызда жаңа тұрпатты адамдарды қалыптастыруда адамгершілік эстетикалық тәрбиенің маңызы өте зор. Тәрбиенің барысында эстетиканың тек қана өнермен шектелмейтінін түсіну қажет. Өнердің түрлері мен жаналары жайлы білу және ол білім адамды эстетикалық тұрғыдан тәрбиелейтінін жақсы білеміз. Бірақ бұл жердегі ең басты мәселе, адам өзінің жан - жағын қоршаған дүниенің сұлулығын сезіну, соны көре білу, табиғаттың әсемдігін түсіну, және сол адамның бойына дүниенің әдемілік заңдарына сәйкес өзгертуге талпынатын қасиеттерді дарыту басты мақсат болып табылады. Эстетикалық сезімі жақсы қалыптасқан адам - ол эстетикалық - көркемдік біліммен қаруланған, шындықты эстетикалық тұрғыдан бағалай алатын, көркем шығармаларды талдай алатын, өзінің ой - пікірлерін мұратпен ұштастыра алатын және өзіне — өзі сын көзімен қарай алатын, өзінің еңбегін, тіршілігін, өмірдегі мақсатын дұрыс жолға қоя білген адам, және ішкі жан дүниесі бай, бойынан адамгершілік қасиеттер көрінетін адам.

Адам эстетикалық тәрбиені өзінің бүкіл өмірінің, қызметінің барысында алады және тәрбиеленеді. Және біздің өмір шындығымыздың өзі басты тәрбиеші. Бірақ сол өмір шындығының өзінен адамдар әртүрлі өнегелік тәрбие алады. Сондықтан да тәрбие мәселесіне өте сақ болу керек. Бұл жерде философиялық - этикалық, психологиялық, педагогикалық білім қажет.

Эстетикалық білім адамның жас кезінен бастап қажет ететін білімі болу керек. Көптеген мәселелер, мысалы өмірдің мәні және еңбек жәйлі, моралдық еркіндік пен тәртіп, қайырымдылық пен зұлымдық, әділдік және басқа салаларға бір сезбен жауап беру өте қиын. Сондықтан да эстетикалық тәрбиенің шын мәніне терең түсініп, талдау жасап, қоғамның ілгерілуіне, өмірдің жақсара беруіне қызмет ететін жағдайға жеткізе беру керек.

Эстетикалық тәрбиені ұйымдастырушылар ең алдымен мына мәселені түсіне білуі қажет - эстетика және мораль ол ең алдымен қоғамдық қатынастардың бір бөлшегі және дүниені танудың игерудің ерекше формасы екенін білу қажет. Қоғамдық қатынастар, сонымен қатар адамдардың өзара

катынасы эстетикалық сипат алады. Өнер арқылы эстетикалық әсер ету, кең мағынамен айтқанда, адамның мінез - құлқының қалыптасуына ықпал етуі, адамгершілікке баулу, ой - өрісінің кеңеріне ықпал жасау эстетиканың басты мақсаты болып табылады. Эстетика сезімді қозғай отыра ақылға әсер етеді. Егер адам аруақытта өнерге, әдебиетке жақын болса, көркем шығармалардан әрдайым сусындап отырса, оның бірте - бірте дүниеге, өмірге көзқарасы эстетикалық сезімі қалыптасады. Ал эстетикалық сезім дегеніміздің өзі әдебиет пен өнердің заттар мен құбылыстардың ғажап қасиеттерінің әдемі әсерінен оянып, рахатқа бөленетін, адамның ішкі рухани қасиетін, рухани қазынасын байытып, нөрі санада өмір бойы сақталатын сезімді эстетикалық сезім деп айтамыз. Адамның рухани жағынан баюы эстетикалық сезіммен басталады, өмірге әсемдік тұрғысынан қарау, көру, есту, білу - бәрі эстетикалық сезіммен астасып жатады.

1. Әбиев Ж., Бабаева С, Құдиярова А. Педагогика. - Алматы: Дарын, 2004. -448 б.

2.Әбенбаев С. Эстетикалық мәдениет негіздері. — Алматы: Дарын, 2005. - 280 б.

3. Балтағұлова А.Б. Эстетика және адамгершілік тәрбие. - Алматы, 1984. -17 б.

Резюме

В данной статье автор рассматривает проблемы эстетического воспитания учащихся.

Summary

In this article the author considers the problems of aesthetic education of the students.

РЕСЕЙ КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІНІҢ ҚЫТАЙ КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІНЕ БОЛҒАН ӘСЕРІ

Чен Вейдже -

Абай атындағы ҚазҰПУ, көркемсурет графика факультеті, «АПОӘ және өнер тарихы» кафедрасының 2 курс магистранты

Ресейдің кескіндеме (живопись) өнерінің қытайдың кескіндеме өнеріне әсері терең болды, әрі ұзаққа созылды. Ертеректе Ресейде суретшілер Ресей сурет кескіндеме өнерін үйрену барысында социалистік жолда реалистік тұрғыдан бейнелеу арқылы суретшілер үлкен университеттерде жаңалық шығару қызметі мен педагогикалық үйрену қызметін бірге ұштастырған. Ресей кескіндеме өнерін үйрену барысында қытай суретшілері реалистік кескіндеме өнерін нақтылы үйрену арқылы қытайдың ұлттық

кескіндеме өнеріне оң өзгерістер алып келді. Қытайдың кескіндеме өнерінде екі жағы болды: объективті және субъективті. Яғни қытайдың ұлттық бейнелеу өнеріне өзгеріс әкелді.

Өнер адамдары жасампаздықты жаратуда Ресей кескіндеме өнерінің оңды-солды әсері болды. Қытайдың бейнелеу өнерінде алғашында сызықпен (контурмен) бейнелеуді негіз етсе, ал енді оларға реалистік тұрғыдан шынайы, нақты бейнелеуге үйретті. Суретшілердің стилінде ерекше өзгешеліктер пайда болды.

Ресейдің атақты суретшілері Суриков, Репиндердің Қытайдың реалистік кескіндеме өнерінде орны жоғары болды. Репин атындағы университетте тәжірибе алмасуда болған, оқыған студенттер реалистік өнерді үйреніп қана қоймай, сонымен бірге үлкен негіз қалады.

Ресейдің кескіндеме өнері тарихи, нақтылы, шынайы ортаны жасампаздықпен бейнелеп көрсетуде қытай суретшілерінің өмірді, табиғатты, ортаны шынайы бейнелеп шығуын үйренді.

Қытай суретшілері реалистік бейнелеу өнерін үйрену барысында тек қана асығыс қабылдамай, ғылыми тұрғыда бағалап қабылдады.

50-60 жылдары Қытайдың төңкерісшіл батырларын Ресейдің кескіндеме портреттік жанры арқылы салуы Қытайда үлкен қызығушылықты керсетті. Сол портреттерде адамның идеясын, ұлттық дәстүрін, мінез-құлқын көрсете білді. Қытайдың Шүй Бей Хон, Лин Фыи Мин, Иан Вын Лиан және Лиоу Хай Ли деген суретшілер қытайдың қазіргі заман кескіндеме өнеріне терең ықпалы болды. 1927 жылы елге қайтқан Шүй Бей Хон европаның нақтылы сурет салу әдісін және кескіндеме өнерінің өзіндік ерекшелігін құрды. .

Қытайдың қазіргі кескіндеме өнері европадан басталды. Бірақта қытайдың кескіндеме өнеріне негізінен әсер еткен 50-60 жылдардағы ресейдің өнері болды. 20-30 жылдарда Қытайдың тек қана өз өнері болып қана қоймай, төте Европа мен Жапониядан бейнелеу өнерін қабылдаған.

Ертеде Қытай суретшісі Шүй Бей Хон стиліндегі және Қытай хаткерлігінің реалистік жазу стилінде Қытай кескіндеме өнеріне үлкен жол ашты. Сол сияқты Лин Фын Мин батыс кескіндеме өнері ұстаздарының әсем өнер дәстүрін терең зерттеумен бірге, шығыс мәдениетіне жаңа бір қырынан танытты.

Реалистік бейнелеу өнері Қытайдың суретшілеріне ерекше әсерлі болуымен қатар, ХІХ ғасырдың соңғы жартысында Ресейдің бірқатар суретшілердің көрмесінде бірқатар салу стилі негіз болды. Олар Репин, Левитан, т.б. суретшілерден құралған. Олардың суреттерінен Ресейдің қоғамдық өмірін, өмірге деген құлшынысты байқауға болады. Ресей суретшілері кескіндеме өнеріне қатаң талап қоя отырып, өздерінің мектебін қалыптастырды. Осы мектеп қытай суретшілерін баулып қана қоймай, оларға кескіндеме өнер жанрына негіз қаланды.

Шынында да Ресейдің кескіндеме өнері негізінен жалынды, кең көлемде деп айтуға болады. Сол себептен Ресей кескіндеме өнері көп қырлы. Осы ерекшеліктер Третьяков атындағы мұражайдағы кескіндеме өнерінен көруге болады. Третьяков картина сатып алғанда атақты болсын, атақты болмасын,

өзінің талғамына қарамай алатын болған. Оның ойынша Третьяков мұражайындағы картиналар уақыт сынағына төтеп беру керек, тағы да Ресейдің бейнелеу өнерін жан жақтылы корсету керек. Ресейдің өзіндік стиль ағымдары өте көп. Кеңес Одағы кезінде реалистік бейнелеу өнері кезде де басқа да өнер ағымдары жақсы дамыды. Ресейдің көркем өнер тармағы: басқа ұлттардың көркем өнер алмасуы және батысқа бейімделу жолында пайда болды. Ресей ұлтының ерекшелігі Ресейдің өзіндік кескіндеме өнері негізі идеясында болды. Ресейдің кескіндеме өнері Қытайға батыстық үлгіде сыртқы мен ішкі рухани бірлесу идеясын алып келді.

Кезінде Репин атындағы көркем өнер университетінде оқыған Қытай мұғалімдердің жұмыстары қазіргі уақытқа дейін орыстың ерекшеліктері байқалады. Осы мұғалімдер Ресейдің кескіндеме өнерінің ерекшеліктері мен өмірдегі тәжірибелерін ұштастырып жанаша жолын салды.

Қытай мемлекетінің реформаландырудан кейін экономикасында да, мәдениетінде де, кескіндеме өнерінде де, қоғамның әр саласында да үлкен өзгерістер болды. Өнер адамдары жеке адамды және қоғамды көрсету арқылы өзгеше, өзгелерге ұқсамайтын туынды жасады. Ресейдің реалистік кескіндеме өнері Қытай кескіндеме өнеріне өз ықпалын тигізіп қана қоймай, негізінде салды. Ресейдің реалистік тұрғыдан бейнелеуде форманы салу заңдылығы мен реңдік салу қатынас қағидалары Қытай кескіндеме өнеріне сіңіп, еркін дамыды.

Қалай болмасын абстракті бейнелеуде әрқашан реалистік бейнелеуді негіз ете отырып салуға болады. Біздің кейінгі буындарымыз (суретшілер) жан жақты түрде кескіндеме өнерінде кептеген ағымды әкелді. Осы суретшілер жан жақты іздену арқасында Қытайдың кескіндеме өнерін дамытты.

Ресейдің ұлттық мәдениеті мен батыстың ұлттық мәдениетіне ұқсастық болғанымен әрқайсысында өзіндік рухани бағыттары бар. Ресей ұлты ибалы, саналы, салауатты болғанымен, ал батыс халықтары қызу қанды, думанды болып келеді. Екеуінің ерекшеліктері осындай мәдениеттері өнер әлеміндегі тепе теңдікті сақтайды.

Ресейдің кескіндеме өнерінің ерекшеліктері Қытай кескіндеме өнеріне қазірге дейін ықпалы тиюде. Ресейдің кескіндеме өнерінде нақтылық пен реалистік бейнелеу өнері Қытайдың педагогикалық бейнелеу өнерінде қолданылып жүр. Рең арқылы бейнелеуде зат пен кеңістік ортаны бейнелеуде реңнің әсерін көрсетеді. Ресейдің кескіндеме өнерінде туынды жасауда негізінен жай сызбаны (рисунок) үйреніп машықтанады. Осыны негіз етіп салса сурет салуы жақсы дамиды. Қытай суретшісі Шүй Бей Хонда осы тәсілді құптайды.

Біз Ресейдің бейнелеу өнерін жан жақты игеруіміз керек. Игеріп қана қоймай осындай, кескіндеме өнеріне қатысты оқу ағарту стилін пайдалануымыз қажет. Көбінде шынайы тұрмысты бейнелеуге мән беруіміз де қажет. Қазіргі заман талабына сай өзіміз бейнелеу өнеріне жоғары талаптар қоюға тиістіміз.

Резюме

В статье приводится сравнительный анализ особенностей живописи

России и Китая. Предлагается своя трактовка данной проблемы.

Summary

In the article the comparative analysis of the special features of the painting of Russian and China is given. Its treatment of this problem is proposed.

БҮГІНГІ ҚАЗАҚ МЕНТАЛИТЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ЖАС ҰРПАҚҚА ДӘСТҮРЛІ ӨНЕР НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ РӨЛІ

Ж.А. Укубасва -

«Бейпелеу өнері және сызу» мамандығым бойынша 2-курс магистранты

Қазіргі егемендік алған елімізде мәдени, рухани жұтаңшылық әлі де болса, халық сана - сезіміне үлкен дағдарыс әкеліп, кері әсер етуде. Бұл құбылыс толғанысты, ойлауды тұжырым жасауды талап етеді. Мұндай тығырықтан шығудың бірден-бір жолы ол-халықтың идеялық, рухани- мәдени біліктілігін нығайту болып табылады.

Қазақ халқы ұлт болып қалыптасқаннан бері уақытында өзінің тарихи аренаға шығуында қаншама жағымды әрі жағымсыз оқиғаларды басынан кешірді. Осының бәрі түптеп келгенде ұлт санасына, ұғымында, болмысында, дүниетанымында өзіндік із қалдырып, ұлттық менталитетінде өшпес белгілерін қалдырып, ұлттық менталитетінде өшпес белгілерін қалдырды. Ал қазіргі Қазақстан сияқты жас мемлекет үшін өзіндік бейнесін, даму стратегиясын анықтаудағы ұлттық менталитетіміздің, ұлттық салт-санамен дәстүріміздің, өнеріміздің, жалпы мәдениетіміздің қалыптасуында рөлі қандай?




Ұлттық менталитет, жалпы менталитет ұғымның қолданыла бастағанына көп болған жоқ. Бұл түсінікке аса ықылас қойыла бастауы еліміздегі болып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістерге байланысты десек те болады. Соңғы уақытқа дейін энциклопедия, сөздік, оқу құралдарында бұл ұғым кездеспеген. Бұл сөздің түбірі латын тілінен алынған, ғылымға ол француз тарихи әдебиетінен келіп тарады. Сөзбе-сөз аударса, ол француздың «mentalite» сөзінен «ой құрылымы, дүниені сезіну, дүниені қабылдау», - деп аударылады. Кеңес дәуірінде бұл термин Гуревич А.Я., Гумилев Л.Н., т.б. еңбектерінде, мәдениеттану зерттеу контекстінде қолданылады. Алайда, оның мазмұны, мағынасы әлі күнге дейін толық анықтап, бір айқын анықтамаға келген жоққа ұқсайды. XX ғасыр басында «менталитет», «менталдық» терминдері батыс ғылымында жаңа термин болып тарай бастады. Жалпы менталитет мәселесін XX ғасырдың атақты психоаналитиктері Зигмунд Фрейд пен Карл Густав Юнгтер зерттеген болатын. К.Г. Юнгтің пікірінше, әрбір -халықтың ұлттық санасында ежелден келе жатқан көптеген әдет - ғұрыптар, салттар, рәсімдер, Дәстүрлер «архетип» түрінде сақталады, яғни ұрпақтан ұрпаққа бейсаналық түрде беріліп отырылады... Архетиптер - айлықпен өзгере қоймайтын қасиетті құбылыстар/1,96/.

Менталитет ұғымын зерттеу барысында көптеген ғалымдар әртүрлі түсініктеме беріп отырған. Мысалы: «ұлттық менталитет - бұл бір халыққа, я ұлтқа тән болған, типтік түрге айналған, тарихи даму нәтижесінде қалыптасқан дүниетанымдық, дүние қабылдауы, іс – әрекет, жүріс-тұрыс, формалары мен тәсілдерінің жиынтығы» /2,155/.

Жарықбаев Қ. пен Табылдиев Ә. «Әдеп және жантану. Ұлттық тәлім тәрбие» еңбегінде «Діл-көңіл, жүрек, кейіп» - деп, «менталитетті» «діл» деп қарастырған/3,133/.

Осы мәселе бойынша Бурбаев Т. (Ұлт менталитеті. Астана 2001) менталитеттің көп мазмұндылығына назар аударды. Ол менталитетті әр ғылым, саласында әр түрлі мағынада қолданылады. Бұл реттеуде Бурбаев Т. менталитетке мынадай анықтама берді. «Менталитет дегеніміз - синкретті рухани тұтастыққа негізделген адамның мінез-құлқы, іс-қимылы, ойлау ерекшелігі, дүниені сезінуі мен қабылдауы, саналылық пен бейсаналылықтың тұтастығы». Ол ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп, ұлт өкілдерінің мінез-құлқы мен дүниеге көзқарасында, өмір салты мен әдетінде, дәстүрі мен салтында, философиясы мен музыкасында, жалпы рухани болмысында көрініс табады. Қазақ менталитеті ұлттың ішкі жан дүниесінің, болмысының, рухани терең қабаттарының көрінісі, ақыл, қайрат, жүректің бірлігінен туындаған ұлттық дүниеге қатынасы, өмір сүру тәсілі, дүниетүсінігі мен дүниетанымының жиынтығы /4,38 /.

Менталитеттің, ұлттық менталитеттің қалыптасуына әсер еткен факторлар:



Реформаторлар (қоғам қайраткерлері)	Ұлтаралық қарым-қатынастар	Дін	Маргинал
-------------------------------------	----------------------------	-----	----------

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер мен жаңғырлау ұлт менталитетінің дамуына өзіндік әсерін тигізуде. Қазақ халқы менталитетін жаңа қоғамдық қатынастар талабына бейімдеу, оның қоғам өмірінің рухани өзегіне айналдыру тек философиялық, дүниетанымдық мәселе ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдени-педагогикалық мәселе болып отыр.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы ділдік мәдени үрдістер өзінің табиғи болмысынан ауытқып, еліктеу сипаттағы батыс мәдениетінің таратушысына айналып отыр. Бұл жас ұрпақтың ұлттық талғамын улауда, ұлттық дәстүрлі төл мәдениеттен бірте-бірте ығыстыруда. Мұндай еліктеушілік ұлттық психология мен менталитетке, әіресе қоғамның басым бөлігін құрайтын жастардың сана болмысына қатты әсер етуде.

Бүгінгі жас ұрпақ қандай болса, ертеңгі елдің болашағы сонымен өлшенетіні шындық. Бұл тұрғыдан алғанда, күнделікті өмірден көріп жүргеніміздей, «әттеген-ай» дейтін тұстарымыз оң кездеспейді. Өйткені, қазіргі жастарымыздың халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесінде жинақталған ұлттық құндылықтарымыз: қазақы салт - дәстүр, әдет - ғұрып, т.б. асыл қасиеттерімізден қол үзіп бара жатқаны, керісінше біздің менталитегімізге жат, мүлдем кереғар батысқа еліктеушілік кең етек алып отырғаны жасырын емес.

Қоғамымыздың ертеңгі болашағы - жас ұрпақты дәстүрлі өнер негізінде тәрбиелеу бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып отыр. Сол себепті, жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып оқыту, тәрбиелеу және туған халқына деген құрмет сезімін ұялатып, ұлттық рухты сініру, тіл мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп ұлттық дәстүрлерін меңгерту қажет.

Бүгінгі күні қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қайта өркендету жағдайында болашақ ұрпақты ұлттық дәстүрлерде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттігі туды. Мұндай жағдайда болашақ ұрпақтың өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық мәдениетімен, әдет - ғұрып дәстүрлерімен неғұрлым тереңірек танысу қажеттігі бірінші орында тұр. Өйткені өз халқының ұлттық ерекшеліктерін сезбей, басқа халықтардың өзіне тән ерекшеліктерімен салыстырмай, бағаламай өз рухани байлығын арттыра түсу мүмкін емес.

Жас ұрпақты рухани және дене қабілеттерін жан-жақты дамытып, эстетикалық толғамдары мен сезімдерін қоғам талаптарына сай, кең өріс алып отырған ұлттық өнердің өзіндік ерекшеліктері мен ұлттық талғам - танымдарын дамыту арқылы тәрбиелеу.

Егемендік алған елімізде жаңаша талпыныстар бар, соның бірі білім жүйесін реформалау болып отыр. Онда, білім реформасының стратегиялық

бағдарламасында жан-жақты білімді, өмірге жаңаша қарайтын, мәдениеті дамыған өркениетті халықтар деңгейіне жету.

Бұл, Елбасымыздың «2030 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасындағы» мақсат-мүддесі, ата-баба арман тілегімен үндесіп, халқымыздың бағзы замандардан жинақталған озық үлгілерін осы күнгі отбасында, тәлім-тәрбие барысында пайдаланылса деген тілегіне жалғасады.

Дәстүрлі өнер ұлттық мәдениетіміздің қалыптасуының қайнар көзі десек артық емес, әрі ол қазақ халқының санасының, дүниетанымының қалыптасуына әсер еткен мәдени құндылықтарының негізгі десек қателеспейміз.

Ұлттық тәрбие негізі - әр халықтың салт-дәстүрі. Халық дәстүрі - сол халықтың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, бар болмысы. Жас ұрпақты тәрбиелеуге, дәстүрлі өнердің құдіретті күшін пайдаланудың зор маңызы бар. Егер, ұлттық өнерге шеберлікпен қарасақ, оның барлық байлығын, мүмкіндігін пайдалансақ, бұл міндетті абыроймен атқаруға болады.

Ұлттық өнерді ойдағыдай меңгерген ұрпақта ұлттық сана қалыптасатыны сөзсіз. Яғни, оның менталитетіне де қандай да бір әсері болатынын байқаймыз.

Дәстүрлі өнер туындылары жас ұрпақтың көркем талғамын қалыптастырып, қайталанбас бірегейлігін, ғажап шеберлікке үйретіп қана қоймай, оның эстетикалық сезіміне оң әсерін тигізеді.

Ұлттық өнерді оқытудың ізгі мақсаты өнер дәстүрі арқылы мағлұматтар ғана емес, жас ұрпақты ұлттық-эстетикалық талабын өтеу әсемдік әлеміне өнердің айрықша қасиетіне дағдыландыру ұлттық рухта тәрбиелеу.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат- міндеттердің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу - әр адамның қоғам алдындағы борышы.

Жас ұрпақ тәрбиесі - саяси мемлекеттік маңызды мәселе. Ұлттық дәстүрімізбен мәдениетімізді ұрпақ бойына сіңіре тәрбиелеу сол арқылы Республикамыздың интеллектуалдық күш-қуатын қалыптастыруға ықпал ету болып табылады.

Біздің еліміздегі ұлттық білім берудің негізгі міндеті Қазақстан Республикасын өз мәдениетін жасаушы және оның мұрагері бола алатын жан-жақты білімді, иман жүзді, рухани дүниесі жетік жас ұрпақ менталитетін тәрбиелеу бағытында жүргізілуі тиіс. Ол үшін шығармашылық белсенділігі мен шеберлік қасиеттеріне жетілдіру, өнер әлеміне, халықтық дәстүрге деген қызығушылығын ояту.

Бүгінгі ұрпақтың қасиеті борышы тарихи зердемізді қалпына келтіріп қана қоймай, оған құрмет сезімін қалыптастыру, ұмыт болған мәдени дәстүрлерін тірілту, Еуразия кеңістігінде өмір сүрген байырғы жұрттың бағзы өркениет жұрнақтарын байыптау, сол арқылы алғы заманаларға алтын көпір қызметін атқаруға тиісті ата-бабалар мұрасы жалғастығын, ұрпақтар сабақтастығын ұлығылау.

Қазақстан Республикасын мызғымас, біртұтас мемлекет ретінде көру мұратымыз болса, онда бақытты отбасылық өмірге жас ұрпақты баулу

дабасты мақсат болатыны сөзсіз. Қазақ халқының өзіне сай ұлттық құндылықтарын дәріптеу арқылы тәрбиелеу ұлт ұрпағы жаһандану кезеңіне өз ерекшелігімен жетіліп, кемелденіп жетеді деген мүддені алға ұстанғанымыз жөн.

1. Юнг К.Г. *Душа и миф. Шесть архетипов...* - Киев — Москва, 1947. - 384
2. Байлярова Б. *Понятие национального менталитета: к постановке проблемы // Поиск. - 1997. - № 3. - 101 с.*
3. Жарықбаев Қ, Табылдиев Ә. *Әдеп және жантану. Ұлттық тәлім-тәрбие.* - Алматы: Атамұра — Қазақстан, 1994. — 144 б.
4. Бурбаев Т.К. *Ұлт менталитеті.* - Астана: Елорда, 2001. - 240б.
5. *Ұлттық сана-сезім мен қадір-қасиет.* - Алматы: Санат, 1999. - 240б.
6. Жұмабаев М. *Педагогика.* - Алмағұлы: Ана тілі, 1992. - 160 б.

Резюме

В этой статье рассматривается воспитание подрастающего поколения на основе национального искусства в условиях формирования казахского менталитета.

Summary

In this article is examined training the growing up generation on the basis of national skill under formation conditions for the Kazakh mentality.

ОЮ-ӨРНЕКТИҢ ТАБИҒАТЫ МЕН СИНАТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Ш.Абижанова -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың көркем сурет факультетінің
«АПОӘ және өнер тарихы» кафедрасының I курс магистранты*

Қазақтың халық шеберлері жасаған, үлкен талғаммен өрнектеліп істелген бұйымдарды зерттеудің, олардың нұсқаларын жариялап отырудың ғылыми маңызы зор өйткені, бұл қазақ халқының этногенезінің аса маңызды мәселелерін шешуге, оның ұлттық дәстүрлері мен өзгешеліктерін, тайпалар арасындағы айырмашылықтар мен өзара ықпалдарын анықтауға, сол сияқты басқа халықтармен байланысын байқауға көмектеседі. Оюлап киіз басу тек қазақтың ғана еншісіне тиетін өнер емес, мал шаруашылығымен айналысатын басқа да көшпелі елдерге тән, ортақ нәрсе. Ою тарихы жүнді сабап, түтіп алғаннан кейін, шидің бетіне жаймалап, оның үстіне бояуы қанық түр салада ғой. Түрді үлгі бойынша түсірмеуші ме еді. Сол әжелеріміз ою үлгісін жасауды, ою оюды кімдерден үйренген? Әлбетте, олар да өз әпкелерімен, аналарынан, әжелерінен үйренген. Осылай ұрпақтан ұрпаққа ауысып бүгінге жеткен. Демек, ою өнерінің түп тамыры тым әріректе /2,94/.

Сонау жазу-сызу шыға қоймаған ерте заманда адам өз ойын тасқа,

сүйекке, ағашқа ойып қашап түсіріп отырған. Адамзат баласы ертеден-ақ өзінің жағдайына, талғамына, тұрмысына сай киіне, сәндене білген. Табиғи сұлулығын, көркемдігін көркейтіп, түрлендіріп көрсететіндей әдемі зергерлік бұйымдарды орнымен пайдалана да білген. Оған біздің күні бүгінге дейін табылып жатқан көне мұраларымыз бен мұражайларда сақталған экспонаттар, сол дәуірдің суреттері т.б. куә. Оюлап өрнек салу халық өнерінің бір саласы. Оның түрлері мен атаулары күнделікті тұрмыста қолдану, тұтыну тәсіліне қарай, ұқсату мен іске асыру амалдары да, жолдары да сан салалы, алуан түрлі. Мәселен, жолдары да, әшекейлі түр салудың кестелеу, ою, сыру, теру. Қай халықтың да өнеріне, бейнелеу мәдениетіне байыптап көз салсақ, сол халықтың әсемдік талғамы мен танымына, эстетикалық көзқарасына орай белгілі бір өнер түрінің басым дамып отырғанына кез жеткіземіз. Осы тұрғыдан алғанда ою - өрнек өнері қазақ халқының өмір тіршілігінде айрықша орын алып, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа тұрмыс-тіршілігінен ою-өрнек қатыспайтын саланы табу қиын. Ою - өрнек элементтерін біз, қазақ халқының үй жиһаздары мен киім кешегінен де, зергерлік бұйымдары мен құрал-саймандары да, ер - тұрман, қару—жарақтарынан да молынан табамыз. Тарихи—ғылыми деректерге жүгінсек, қазақ халқының ою-өрнек өнері ежелгі замандардан бастау алып, қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпалар, өнерінің ықпал - әсерімен сан ғасырлар бойы қалыптасып, өзіне тән белгілі бір жүйеге келгенін қапысыз аңғарар едік. Бұған дәлел ретінде қазақтың алғашқы ою - өрнек үлгілерін аңдронов мәдениеті байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінің мұраларынан ұшырататынымызды айтсақ та жеткілікті. Ою өрнек өнерінің белгілі бір халыққа ғана тән негізгі стильдік ерекшеліктері мен сол халықтың бейнелеу, әсемдікті қабылдау мәдениетінің басты белгілері мен ұлттық қолтаңба мен тікелей сабақтасып жатады. Сондықтанда оқымысты ғалымдар, өнертанушылар қайсы бір халықтың өнерін ден қоя зерттеп, салиқалы баға берген кезде жоғарыда аталған өлшемдерді басшылыққа алып. отырды/3,72/.

Әрине, қазақ халқының ою-өрнек өнері күні бүгінге дейін жан - жақты, толығымен зерттеде қойған жоқ. Дей, тұрғанымызбен, бұл өнер саласының белгілі бір дәрежеде жүйеленуіне бірқатар ғалымдар мен өнертанушылар, тарихшылар мен этнограф атсалысқанын да атап өткеніміз орынды болмақ. Мысалы: Өзбекәлі Жанібеков, Қарлығаш Ибраева, Әлкей Марғұлаң, ШҚота Ұалихан, Серік Қасиманөв т.б. Осындай игілікті ізденістің нәтижесінде өнертану ғылымында көкөніс өрнек жапырақ, үш жапырақ, гүл, қызғалдақ, бәйшешек сияқты ою-өрнекте ерекше зерттелгенін атап кетуге болады.

Өзінің талай тайпалардан құралған ата- бабаларымыздың ғасырлар бойындағы дәстүрлерін бойына жиған қазақ халқы өз талғамына, өз талабына сай күнбе-күнгі тұрмыста қажет бұйымдарды өндіруді өрістеткен. Бұл бұйымдар алғашқы кезде рудың, елдің үй - ішінің керегіне, кейінірек сауда алмасу қажетіне өндірілетін болған. Көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс жағдайында негізінде мал шаруашылығы өнімдерін өндеумен байланысты өнерлердің маңызы зор болды. Мысалы, әйелдер қой жүнінен жіп иірген; ол жіптер өрмек тоқып, шекпен, шалбар сияқты сырт киімдер, қыпшақ, қоржын,

киіз үйдің түрлі бауларын дайындаған. Қой жүнінен үйге жабатын түрлі - түрлі киіз басылды; киізді оюлап жақсы текемет басатын болды, шиден, бас киім, аяқ киім, сияқты кейбір киімдер, тоқым сияқты заттар дайындалды. Теріден саба, торсық сяқты ыдыстар, ең алдымен аяқ киім, белбеу және сүйектен де әр түрлі нәрселер жасалды. Сүйек сәндікке, "түрлі бұйымдарды нақыштауға пайдаланылды /4,68/.

Әйелдер тағар әшекейдің бірі-сырға. Халық таланттары қалдырған сырғаның алуан үлгілері бар. Олар да таза алтын, күмістен соғылып әр түрлі нақышталып, гауһар, ақық тас орнатылып безендірілген. Оның қайсы біреулері тіпті иыққа дейін түсіп тұрады. Ал ондай ауыр сырғаларды құлақтың артына бұрымға тағып қоятын болған. Біз жоғарыда сөз еткен әшекей бұйымдарының бәрі де Батыс Қазақстан зергерлерінің қалдырған мұраларына негізделді. Олардағы өрнек мәнері, көркемдеу тәсілдері қазақ оюларын толықтырар, соған келіп қосылар бір арна іспетті. Зергерлік бұйымдардағы қолданылар өрнектер, нақыштар, үлгілер қазақ оюларына тән қошқар мүйіз, тұмарша, киік мүйіз, ирек, өсімдік сипатты элементтерге бай. Ағаштан ою ою, яғни ағаштан түйме тую де, халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрлі өнерлерінің бірі. Тіпті киіз үйдің ағаш бұйымдарының бәрі дерлік, үйдің сәндік жиһаздарына сай көркемделген десек артық айтқандық емес. Көне мұралардағы оюларды бүгінде Алматы кілем тоқу фабрикасының тоқыған кілемдерінен, керамикалық заттардан, түрлі әшекей бұйымдарынан көптеп көруге болады /6,107/.

Классикалық ою-өрнектің төрт тобына:

Геометриялық ою-өрнектер; жан-жануар, хайуанаттар ою-өрнектері; өсімдік тектес ою-өрнектер және космогониялық аспан, көк әлемнің жер-дүние сырын бейнелейтін ою-өрнектер жатады. Ою-өрнектің қайсысын адам баласы бірінші ашып, көркем өнер шығармасығ ретінде қолданғанын дәл зерттеп ашқан ешкім жоқ. Ашып дәлелдеу де мүмкін емес. Қайсының бірінші, қайсібірінің екінші, ою-өрнек бір-біріне қалай бағынады, бұған тек арнаулы физикалық, математикалық заңдылықтар арқылы ғана бағыт-бағдар беруге болады. Ол тек ғылыми тұрғыдан берілетін тұжырым.

Хайуанаттар образын сипаттайтын оюлар:

Жан-жануарлар қазақтың ою-өрнектерінің ішінде ең көп тараған, ең көп қолданылатын түрі. Жабайы аңдар мен ұшатын құстар, малдар адам баласына ішетін сусын, жейтін тамақ, киетін киім болып ғасырлар бойы асырап келе жатқанын айтудың қажеті жоқ. Ата- бабаларымыз малдың ерекше қасиеттерін бағалап әң-жырға, күйге қосты. Олардың образдары шығармаларға, бейнелері қолөнерде ою-өрнекке айналады. Сондықтан хайуанаттар оюларының тамыры тереңде жатыр. Бұл оюдың негізін “қошқар мүйіз” өрнегі қалайды. Ары қарай “қошқар мүйіз” өрнегі өзінің құрамын мүйіз тектес ою-өрнектердің түрлерімен жалғастырады. Оларға қас мүйіз, сыңар мүйіз, арқар мүйіз, сынық мүйіз, тармақ мүйіз, бұғы, ешкі мүйіз, қисық мүйіз жатады.

Өсімдік тектес ою-өрнектер:

Өсімдік тектес оюлар ұлттық өнерімізге өте ертеден: сіңіп, кеңінен

тараған өрнектің бір түрі. Өсімдік тектес ою-өрнегінің негізін гүл, жапырақ, сабақ құрайды. Гүл-жапырақ оюлары. әр түрлі заттарға сәнімен қалыптасып, ұйқасымен табады. Олар өзінің даму барысында әртүрлі жолдардан өтіп, қолданылатын затқа сәндік, кереметтік қасиет беріп, мазмұндарын шешті. Мәселен өсімдік оюларымен шымылдық, перде, түскиіз, көйлек, камзол, бешпет, аяққап, текемет, сырмақ, білезік, шолпы, сырға, жүкаяқ, сандық, қыш құмыралар боялып, бедерленіп, сырылып әшекейленіп безендірілді. осы оюлардың түрлері мен атаулары жоғарыда айтылған заттардың қолдану, тұтыну және гүл, жапырақтың топтасып, жұпталуына байланысты бірнеше түрлерге бөлінеді. Өсімдік тектес оюлардың негізі болған гүл, жапырақты талдайтын классификациялық топқа бөле келіп, үш гүл, төрт гүл, бес гүл, үш жапырақ, бес жапырақ, түйе табан, жауқазын, теріс бұтақ, шырмаулық, райхан және т.б. ою-өрнектерді қолөнер бұйымдарынан кездестіруге болады.

Космогониялық ою-өрнектер:

Космогониялық ою-өрнек біздің көркем мәдениетімізге өте ерте замандардан сіңіп қалыптасты. Бұл ою-өрнектің негізін әлем, аспан, күн, ай, жұлдыз, бүкіл кеңістік бейнелері құрайды. Көк әлемді айналып жүрген планеталар мен аспан денелерінің бәрі күн жүйесіне жатады. Күннің тұтылу кезінде Күн шеңберінде аппақ күмістей жарық пайда болады, бұл ғажапты Күн тажы деп атайды. Әлемдегі осындай табиғи құбылыстар адамзатты әртүрлі сенімдерге әкелді. Сондықтан болар, ата-бабаларымыз аспандағы бір тәңірге сеніп, жалбарынып табынуы, жақсылық бата тілеуі жайдан-жай тұмаған болар. Осы сенім, негізінде көптеген фантастикалық образдар ән мен күйде, әдебиет пен өнерде туды. Қалай болсын Күннің шапағаты мен Айдың шығып тууы, теңелуі, тұтығулары, жұлдыздардың ағуы бәрі ерекше әсер қалдыратын құбылыстар.

Геометриялық ою-өрнектер:

Геометриялық ою-өрнегі тас бетіндегі таңбалардан басталып, тамыры терең тараған өрнек. Геометриялық ою-жалпы адамзат қауымының, оның ішінде қазақ халқының қолөнер заттарымен үйлесіп, қалауын тапқан ою. Әсіресе сәулет, қолөнерде кеңінен қолданылып, заттардың сыртқы пішін, формасын әшекейлеп өрнектейді. Бұл ою тас, қыш, темір, ағаш, киіз, терілерде нүкте, сызық, үш, төрт, бес бұрыш, ромб, квадрат, шеңбер формаларында кездесіп кілем, сырмақ, текемет, түскиіз, алаша, кебеже, күбі, сандық, білезік, сырғаларда күрделі композициялық өрнектер тобын құрайды /1,43/.

- 1.Төленбаев С., Өмірбекова М. Қазақтың ою-өрнектері. - Алматы, 1993. - 52 б.
- 2.Әмірғазин Қ.Ж. Қазақ қол өнері. - Алматы, 1994. -176 б,
- 3.Қасимов С. Қазақ қол өнері. -Алматы, 1969. - 112б.
- 4.Марғұлан Ә.Х. Қазақ халық қол өнері. - 1-2 том. - Алматы, 1981. - 110б.
- 5.Арғынбаев Х. Қазақ халқының қол өнері.-Алматы: Өнер, 1987.-126 б.

Резюме

Автор рассматривает образцы национального декоративно-прикладного искусства казахского народного орнамента, а именно линейные рисунки орнамента, символы, знаки и т.д. Раскрывает пути развития традиционных элементов декоративно-прикладного искусства казахского народного орнамента в современности.

Summary

The author considers the samples of national arts and crafts of Kazakh people, namely linear figures, symbols, signs, and ets. Made on rocks. Reveals the ways of development of traditional elements of an applied art to the present time.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНЫНДА СТУДЕНТТЕРГЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКА ПӘНІН ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ИНТЕРНЕТ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰРҒЫДА БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕРІ

С.Маралбай –

Абай атындағы ҚазҰПУ–ң көркем сурет графика факультетінің «АПОӘ және өнер тарихы» кафедрасының 1 курс магистранты

Қазақстан білімі бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында студенттерді кәсіби тұрғыда даярлаудың барлық бағыттарында, әсіресе оның ішінде көркемдік білім беруде құрылымдық және мазмұндық өзгерісті басынан өткеруде.

Студенттердің шығармашылық қабілеттілігін дамыту мен оларға шығармашылық тапсырмаларды орындап шешуге байланысты, белсенді іс-әрекеттерге кәсіби даярлау проблемасы да, аса көкейкесті мәселеге айналды. Жаңа ғасырдың алғашқы сатысынан бастап ақ, адам баласы теориялық және қолданбалы тапсырмаларды шешуде өзіне ұнайтын жолды таңдау мүмкіндігіне қол жеткізді. Міне, солардың бірі – ИНТЕРНЕТ желісі.

Жиырмамыншы ғасырдың аяғында пайда болған интернет, қазір жер шарының әр түпкірін байланыстырып, сан алуан адамдарды, елдер мен құрылықтарды біріктіріп отыр.

Интернет 1960 жылдары АҚШ-та дүниеге келді. Оны соғыс бола қалған жағдайда бір-бірімен телефон арналары арқылы, қосылған компьютер желілерімен байланысып отыру үшін, АҚШ-тың орталық барлау басқармасының қызметкерлері ойлап тапқан. Алпысыншы жылдарың аяғында Пентагон ядролық соғыс бола қалғанда, компьютер желісінің үзілмеуі үшін арнайы жүйе жасады, тәжірибенің ойдағыдай жүргізілу барысында, **ARPAnet** желісі пайда болып, ол Калифорниядағы және Юта штаты зерттеу орталықтарындағы үш компьютерді ғана біріктірді. Кейін **ARPAnet** бейбіт мақсатқа қызмет етті, оны негізінен ғалымдар мен мамандар пайдаланды.

Сексенінші жылдардың басында **Интернет** деген термин пайда болды. Бұл сөзі тікелей мағынасында халықаралық желі дегенді білдіреді (**INTERNational NETwork**) /1/.

Интернеттің мүмкіндігі шексіз. Талғамыңыз бен көңіл күйіңізге қарай, одан сізді қызықтыратын көп нәрсе табуға болады. Интернет ең соңғы жаңалықтарды оқып, ауа райы туралы мәлімет алуға, қандайда бір тауарға, немесе ашық әуежай билетіне тапсырыс беруге, аз ғана уақыт аралығында, электронды пошта арқылы хабарлар алмасуға, бейне конференциялар өткізуге және тағыда басқа көптеген мүмкіндіктер ұсынады.

Интернеттің негізі АҚШ та жасалғаны мен, оның нақты қожайыны жоқ. Әрбір үкімет, компания, университет ақпараттық қызмет ұсына отырып, бұл желінің тек қана өз бөлігіне иелік жасайды.

Алайда, Интернетке жеке дара ешкім де қожалық жасай алмайды. Сондықтан ол шын мәнінде адамзаттың әлемдік қазынасы болып табылады.

TCP/IP – Интернет желісіне қосылған компьютерлер арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін мәліметтерді бір жүйеге келтіру ережелері немесе оларды қарастыру хаттамасы.

IP (Internet Protocol) – мәліметтерді оны алушының мекен-жайы көрсетілген тақырыптары бар, бірнеше бөліктерге немесе кестелерге білетін желі арқылы хаттама.

E-mail (Electronic Mail) – электронды почта. Желі тұтынушылары арасында мәлімет алмасу ісін жүзеге асратын қызмет жүйесі. Ол арнайы почта бағдарламалары көмегімен жүзеге асырылады. Мысал ретінде, Outlook Express бағдарламасын атауға болады. Оның көмегімен сіз санаулы минуттар ішінде хабарды жеткізе аласыз. Ол үшін клавиатурада тиісті хабар мәтінін теріп, белгілі электрондық мекен-жайға жіберсеңіз болғаны. Осынау тәсілдер арқылы достарыңызбен, әріптестеріңізбен араласуға болады.

Usenet-бір-бірімен жаңалықтар алмасып отыратын, бейкоммерциялық, бейформалдық, дәлірек айтқанда, анархиялық жүйелер тобы. Белгілі бір серверде кездеседі.

FTP (File Transfer Protocol) – Файлдарды жіберу протоколы – бұл көбінде үлкен көлемдегі файлдарды жіберу кезінде қолданылатын Интернеттің қосымшасы. FTP көмегімен кез-келген файлдарды жіберуге және қабылдауға болады.

Чат (IRC– Internet Real Chat) – Интернеттің тағы да бір қосымшасы, желіде нақтылы уақытта интерактивті сұхбаттасу. Әңгімелесушілер бір-бірімен өз компьютерлеріндегі клавиатурада сөздерді теріп жібереді және ол сөздер бірнеше секундтардан кейін сұхбаттасушыларға монитордан көрінеді, осындай әдіс-тәсілмен әңгімелесулеріне болады.

